

Мәслихаттың 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 358 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2020 жылғы 28 мамырдағы № 364 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 мамырда № 9233 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 63 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 30.09.2021 № 63 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Науырзым аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы" 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 358 шешіміне (2016 жылғы 22 қаңтарда "Науырзым тынысы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6135 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі - алушылар) беріледі";

көрсетілген шешімнің 2-тармағының 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

өтінішті;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін);

психологиялық – медициналық – педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;

банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжатты;
оқу орнының мүгедек баланы үйде оқу фактісін растайтын анықтамасын
ұсынады.

Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде
ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары алушыға қайтарылады;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Е. Алдажуманов

Г. Абенова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК